

"Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 177 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 65 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 наурызда № 8381-11 болып тіркелді

Жалағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5137 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесінде:

реттік нөмерлері 12, 13, 14, 16 - жолдар жаңа редакцияда жазылсын:

"

12	KND-12	" Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбаев кәліпе"	2,3
13	KND-13	" Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов-Түмен әулие"	5,0
14	KND-14	" Самара-Шымкент-Мырзабай ахун"	0,68
16	KND-16	" Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов-Мәмбет әулие"	0,2

".;

мынадай мазмұндағы реттік нөмерлері 17, 18 - жолдармен толықтырылсын:

"

17	KND-17	"Жаңақоныс-Таң"	4,820
18	KND-18	"Таң-Самұрат"	2
		Барлығы	130,323

".

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

А. Есжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының жолаушылар

*көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК